

Қор нарығындағы алаяқтық – азаматтарға арналған жадынама

«Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – Биржа, KASE) инвестициялық қызметке байланысты лицензиясы жоқ жекелеген тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері жиілеп кеткеніне байланысты азаматтарды қырағы болуға және алаяқтардың айла-шарғысына түсіп қалмауға шақырады. Қазақстандық нарықта қаржы құралдарымен сауда жасауға жалған қолжетімділікті пайдалану арқылы интернет-алаяқтық жағдайлары әлемде, соның ішінде Қазақстанда да жиілеп кетті. Бұдан бөлек, алаяқтар KASE атынан әрекет ете бастады. Биржаның өзінің немесе өз жұмыскерлерінің тікелей қатысуымен биржалық нарықтарда баю мақсатында жеке немесе заңды тұлғаларға өз қызметтерін ешқашан ұсынбайтынын KASE ресми түрде мәлімдейді.

Мұқият болыңыз және есте сақтаңыз! KASE-нің әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларының атаулары:

Instagram — kase.kz

Facebook — KASE

LinkedIn — Kazakhstan Stock Exchange.

Қалған барлық аккаунт ЖАЛҒАН және Биржаға қатысы жоқ, тек алаяқтық мақсатта пайдаланылуы мүмкін!

KASE – сауда-саттықты ұйымдастырушы, Биржаның сауда-саттық жүйесіне тек Биржа мүшелері қосылып, сауда-саттық жасай алады, ал олар өз кезегінде инвесторлардың есебінен және мүддесіне сай қор нарығында мәміле жасайды. Биржа мүшелерінің тізімі олардың мүшелік санаттары мен байланыс деректерін көрсете отырып, KASE сайтында мына сілтеме бойынша жарияланған:

<https://kase.kz/ru/membership/#brokers>

Бұл ретте тек лицензиясы бар брокерлік ұйымдар Биржа мүшелері бола алады. KASE реттеуші (Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, ҚНРДА) берген лицензиясы жоқ компаниялармен шарт жасасқан және өзара іс-қимыл жасаған кезде клиенттер барлық ықтимал тәуекелді өз мойнына алатынын атап өтеді.

Назар аударыңыз, алаяқтардың басым бөлігі кең таралған схеманы қолданады: олар WhatsApp, Telegram мессенджерлері, әлеуметтік желілер, электрондық пошта арқылы әрекет етеді, сондай-ақ "суық" қоңырау жасайды. Мұндай тұлғалар өздерін Биржа жұмыскерлері ретінде таныстырып, бағалы қағаздарға ақша салуды ұсынады. Оның орнына олар жоғары инвестициялық кіріс уәде етіп, кеңес беру мен қосымша қызметтерді ұсынады, осы мақсатта әртүрлі соманы жалған брокерлік шоттарға аударуды сұрайды.

Ақша аударылғаннан кейін алаяқтар клиентпен ол брокерлік шоттан қаражатын ішінара немесе толық шығарып алғысы келген сәтке дейін байланыста болады. Осыдан кейін "инвесторларда", әдетте, жалған брокерлермен байланыс қиындықтары туындайды. Бұдан бөлек, көп жағдайда алаяқтар бұрын салынған қаражатты толық қайтару үшін қосымша ақша енгізуді талап етеді.

Жеке мүлікті сақтау мақсатында Биржа қазақстандықтарға келесі қарапайым қағидаларды ұстануды ұсынады:

Маңызды: алаяқтардан қалай қорғануға болады!!!

Біріншіден, брокердің лицензиясына назар аудару қажет. Брокерлер тек уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің (ҚНРДА) лицензиясы негізінде және брокерлік қызмет көрсету туралы тиісті шарт жасалған кезде ғана жұмыс істейді. Қаржы делдалдарының қызметі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен, «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және басқа да нормативтік құқықтық актілермен қатаң реттеледі.

Екіншіден, лицензияның бар-жоғын тексергеннен кейін брокердің сенімділігін басқа да параметрлер бойынша бағалау қажет. Компанияның рейтингі, қаржылық көрсеткіштері және акционерлері – мұның бәрі брокердің сенімділігін айқындайтын критерийлер.

Интернет-сайттағы ақпаратты, брокерлер туралы пікірлерді мұқият зерделеу қажет. Олардың мекенжайы мен байланыс телефондары туралы мүмкіндігінше толық мәлімет алу керек. Ешбір жағдайда онлайн төлем жасамау, бейтаныс адамдарға (жеке кездескен кезде де, телефон арқылы да, интернет-хат алмасуда да) өзіңіз туралы, жақындарыңыз туралы, банк карталарыңыз туралы деректерді, яғни кез келген құпия (жеке) ақпаратты хабарламау қажет. Мессенджерлер арқылы жіберілген құжаттарға сенбеу керек. Мүмкіндік болса, тіркелген брокердің кеңсесіне барып, өзіңізді қызықтыратын барлық ақпарат пен құжатты жеке тексеру қажет. Ақпараттың болмауы, күрделі жүйе және түрлі сілтемелердің көп болуы – көбіне алаяқтық белгілері.

Мысалы, ҚНРДА сайтында брокерлер туралы жалпы мәлімет (акционерлер, басшылық, байланыс деректері, қолданылған ықпал ету шаралары мен санкциялар) орналастырылған. Сондай-ақ қор нарығына қаражат салған кезде инвестор нарықтық тәуекелдерден сақтандырылмағанын және нәтижесінде табыс табуы да, залал шегуі де мүмкін екенін түсінген жөн. Сондықтан брокер клиентке оның жоғары инвестициялық кіріс алатынына және (немесе) инвестиция бойынша шығын болмайтынына кепілдік бере алмайды және бермеуге тиіс.

Егер сіз қаржылық алаяқтықтың кез келген түріне тап болсаңыз, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқығын қорғау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне (ҚНРДА) +7 (727) 237 10 00 жедел желі нөмірі арқылы хабарласуды ұсынамыз.